

МРНТИ 16.01.45

Н.С.Амиржанова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының кандидаты

**ФИЛОЛОГ СТУДЕНТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ
ЖҮЙЕСІН ЛИНГВОӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН
ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ**

Аннотация. Фонологиялық ойлауды дамыту – орфографиялық және орфоэпиялық білімдер жүйесіне қатысты теориялық еңбектерді сараптай отырып, жеке жағтығулар ұйымдастыру болып табылады. Оқушы жастарға айтылуы бойынша жазылған сейлемдерді жазба нормаға түсіріп немесе жазба сөзді ауызша тіл нормасына сай таңбалап жазу тапсырмаларын және аудиогаспа арқылы белгілі бір шығарманы тыңдатқызып, ондағы күрделі лексикалық бірліктерді жаздыру немесе аудиогаспа арқылы айтылған ауызша сөзді жазба тіл нормасына сай қолдануды үйрету керек. Себебі ауызша және жазба тіл формаларының өзіне тән белгілері болады.

Мақалада филолог студенттерді қазақ тілінің фонологиялық жүйесін лингвометодологиялық тұрғыдан оқыту негіздері қарастырылады. Сонымен қатар буынның фонетикалық-фонологиялық мәні және оны тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірлік ретінде анықтау зерттеледі.

Тірек сөздер: фонология, инвариант, вариант, вариация.

Н.С.Амиржанова

научный сотрудник Института языкоznания имени А. Байтурсынова,
кандидат филологических наук

**ОСНОВЫ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ФИЛОЛОГОВ
ФОНОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
С ЛИНГВОМЕТОДОЛОГИЧЕСКОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ.**

Аннотация. Развитие фонологического мышления – организация индивидуальных упражнений с анализом теоретических работ, касающихся системы орфографических и орфоэпических знаний. следует научить записывать предложения по произношению в соответствии с нормой письменной речи или выполнять задания по маркировке письменного слова в соответствии с нормой устного языка и прослушивать определенное произведение посредством аудиозаписи, сложные лексические единицы или использовать устное слово, произнесенное посредством аудиозаписи, в соответствии с нормой письменного языка. Потому что устные и письменные языковые формы имеют свои характерные черты.

В статье рассматриваются основы обучения студентов филологов фонологической системе казахского языка с лингвометодологической точки зрения. А также исследуется фонетико-фонологическая сущность слога и определение его как единицы в звуковой системе языка.

Ключевые слова: фонология, инвариант, вариант, вариация.

N.S.Amirzhanova

Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Candidate of philological sciences

THE BASES OF TEACHING STUDENTS PHILOLOGISTS THE PHONOLOGICAL SYSTEM OF THE KAZAKH LANGUAGE FROM THE LINGUO-METHODOLOGICAL POINT OF VIEW.

Annotation. The development of phonological thinking is the organization of individual exercises with the analysis of theoretical works concerning the system of spelling and orthoepic knowledge. Students should be taught to write down pronunciation suggestions in accordance with the written language norm, or to perform tasks on marking a written word in accordance with the oral language norm, and to listen to a certain work through an audio recording, write out complex lexical units in it, or use an oral word spoken through an audio recording in accordance with the written language norm. Because oral and written language forms have their own characteristics.

The article considers the bases of teaching students philologists the phonological system of the Kazakh language from the linguo-methodological point of view; and the phonetic-phonological essence of the syllable and its definition as a unit in the sound system of the language are examined.

Keywords: phonology, invariant, variant, variation.

Қазіргі кезде филология факультетінде оқытын студенттерге қазақ тілінің фонологиялық жүйесін танымдық жолдар арқылы оқыту аса маңызды. Қазақ тілінің фонологиялық құрылымы толық әрі жан-жақты түсіндірлесе, окушылардың мотивациясы мен танымдық қызығушылықпен әрекет жасау дағдылары дамып, окушылардың пәнді зерттеуге деңеген қызығушылығы туып, білім сапасы мен сауаттылық дәрежесі едәуір артады деп ойлаймыз. Ал фонологиялық білімдер жүйесін жеке-дара тапсырмалар, ойындар, деңгейлік жағтыгулар, тестер, дидактикалық материалдар, шығармашылыққа арналған тапсырмалар арқылы дамытуға болады.

Окушы жастаға орфографиялық білімдер жүйесін қалыптастыруда ауызша және жазба сөз нормаларының аракеттынасын; фонема – әріп – дыбыс аракеттынасын; мазмұн межесі грамматикалық қатынасты, бірақ тұрпаты бір немесе бірнеше фонемамен таңбаланатындарды; сөз ішінде іргелес келген дыбыстардың фонетикалық қоршауға тәуелсіз және тәуелді болатын шеп түрлерін айырап, жазу тұрпатының негізгісін таңдай білу маңызды.

Фонологиялық ойлауды дамыту – орфографиялық және орфоэпиялық білімдер жүйесіне қатысты теориялық енбектерді сараптай отырып, жеке жағтыгулар ұйымдастыру болып табылады. Осы орайда ең алдымен ауызша сөз берілгенде айырмашылығына байланысты жағтыгулар орындалуы тиіс. Окушы жастаға айтылуы бойынша жазылған сөйлемдерді жазба нормаға түсіріп немесе жазба сөзді ауызша тіл нормасына сай таңбалап жазу тапсырмаларын және аудиотаспа арқылы белгілі бір шығарманы тыңдатқызып, ондағы курделі лексикалық бірліктерді жаздыру немесе аудиотаспа арқылы айттылған ауызша сөзді жазба тіл нормасына сай қолдануды үйрету керек.

Себебі ауызша және жазба тіл формаларының өзіне тән белгілері болады. Бұл формалар күрделі бірлікте құрылады және әлеуметтік-тілдік тәжірибеде (колданыста) бірдей мәнде жұмсалып, бірдей қызмет атқарады деп айтуда болады. Тілдік қарым-қатынас осы екі форманың күрделі тұгастығын білдіргенмен, олардың әрқайсысы жеке-дара күйінде көріне алады және жеке сипаты мен ерекшеліктері негізінде танылады. Ең алдымен, тілдің ауызша және жазбаша формалары арасындағы айырмашылықтар әрқайсысының өзіндік жеке материалды негізін болуы арқылы, тұрмыстық қолданыстағы ерекшеленген формалары арқылы көрініс табады. Ауызша тілдің материалды негізі – бұл ауда тарапатын дыбыстық толқындар, ал жазба тілдің материалдық негізін кез келген тәсілмен жазылған контрасттық фондағы әріптер құрайды (бояу, жарық, т.б.). Осы теориялық негізге байланысты мынадай жаттығуды ұсынуга болады. Мына олек жолын орфоэпиялық норма бойынша таңбаланыз.

Улға: еш сенім жоқ – ешсенім жоқ, қорғанышсыз – қорғанышсыз, саябырланбау – саябырламбау, қан-майдан – қаммайдан, сөзім – сөзүм т.б.

*Айттым салем, қаламқас,
Саган құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлас,
Келер көзге ыстық жас.
Сенен артық жсан тұмас,
Туса туар – артылmas.
Бір өзінен басқага,
Бінтықтығым айтылmas.
Сізде сымбат, бізде ықылас,
Осы сөзім бәрі рас,
Сіздегі жаңдың жасалғанда
Кызығынан жсан тоймас.*

Абай

Әріп – фонема – дыбыс тәрізді тілдік бірліктер бір-бірімен байланыста өмір суреді. Бірақ олардың айырмашылықтары да жоқ емес. Сөздің өмір сүру форма-сы дыбыс болғандықтан, үндемей ойтау, оқу, жазудың өзі де дыбыстарды штей айтумен байланысты. Ал әріп – сол дыбысқа берілген шартты таңба. Бір фана дыбысты әртурлі халықтың таңбалары арқылы түрліше өрнектеуге болады. Мыса-лы: **и, ң, ұ** т.б. дыбысты айтамыз және естіміз, ал әріпті жазамыз және көреміз. А.Байтұрсынұлы еңбегінде: «Дыбыс таңбасын қаріп деп атайды. Дыбыс пен қаріп екеуі екі басқа нәрсе. Біріне-бірін қатыстырып, шатыстырмасқа тиіс. Дыбыс – естілестін, көзге көрінбейтін нәрсе, қаріп көрінетін, естілмейтін нәрсе», – деп дыбыс пен әріптің айырмасын нақтылат түсіндірген болатын [1]. Дыбыс пен әріп бір нысаның екі түрлі қыры болғанмен, бірінен алшақтайтын тұстары да жиі кездеседі. Әріп кейде жеке дыбысқа сәйкес келсе (мәселен, о, е, ү, ұ), кейде бір әріп (ё, ю, я) бірнеше дыбыстың қосындысын (йду, йуу, я) таңбалайды. Ал кейір әріппердің (ь, ъ) дыбыстық мәні жоқ. Сонымен, әріп шартты таңбалар тізбегі емес, сол тілдің дыбыстық құрамын танытатын белгілер жүйесі екенін түсіндіру аса маңызды. Жалпы әріп пен дыбыстың бір-біріне сәйкес келе бермейтіндіктен сөздің жазылуы мен айтылуының арасында қындықтар келтіреді. Мысалы: бала, ана, жер, азамат, қара, қызыл, кел, т.б. сөздердің жазылуы мен айтылуында соншалықты улкен айырмашылық жоқ. Ал оқы, жанба, Нарынқол, башшы, Досжан, т.б. деген сөздер айтуда оқу, жамба, Нарынғол, башшы, Дошшан түрінде өзгеріп айтылады. Бірақ жазудың өзіндік жүйесі, нормасы болғандықтан, жазуда негізгі дыбыстық реңк қана қағаз бетіне түсіріледі.

Жоғарыдағы мысалдардағы [н], [ж], [с] фонемалары іргелес дыбыстардың әсерінен өзгеріске үшірап, [м], [ш], [ш] түрінде естіледі. Бірақ жазуда вариант емес, инвариант фонема танбаланады. Ал инвариант фонема дегені-міз – дыбыс арқылы айтылатын, әріп арқылы жазылатын, тілдің парадигмалық жүйесіндегі дыбыстың негізгі ренқі. Осы негізгі ренкті оқушы жастар дұрыс танып, оны қағаз бетіне түсіре білуі тиіс. Осындағы мәселеге байланысты профессор Зейнеп Мұсілімқызы Базарбаева адамдар ақырат дүниенің санағы психикалық образдары арқылы өзінің қабылдаудын реттеп, жүйелеп отырады. Фонологиялық жүйені фонологиялық елекten өткізіп, бір фонеманың негізгі ерекшелігі, дыбыстардың үлгілері, көріністері санаға реттеліп сақталады. Ал жүйеленген, реттелген санағы ақпарат тілдік танбалар арқылы вербалданады да, тілдік санаға айналады, ой елегінен етіп, санаға корытындылай келе блімге айналады. Ал тілдік тұлға басқа бір тілдің сөздерін естігенде, тілдік сана ез фонологиялық корына сүйенумен шектеліп, көптеген қателіктерге, олқыштарға бой ұрдырады дейді. Гальмының пікіріндегі интерференциялық қателіктерді жібермеу үшін, оларды алдын ала болқап, реттеп, тілдің дыбыс ерекшеліктерін сақтап, тіл үйретуде белгілі бір тілдің артикуляциялық базасын дұрыс менгерту керек. Шындығында да, кез келген тілді үйреткенде тілдік тұлғаға сол тілдің фонологиялық жүйесін, зандаудыңымен қатар, оның санағына фонологиялық білімдерді орнықтыру және де тілдің акустика-артикуляциялық базасының жүйесін менгерту басты мақсат болу керек. Яғни блімалушы тілдің, фонетиканың өзіндік жүйесі бар ғылым екенін түсінү тиіс. Сонда ғана тілдік тұлға қазақ тілінің айтылым және жазылым нормаларын толық менгеріп шыға алады. Гальм фонема жадта сақталып, сөзде фонема ренкті көрінеді. Олар мағына мен мазмұнға қызмет етеді дейді.

Жалпы сөз мағынасын айыру үшін дауыстының, ең жоқ дегендеге, өзге дауыстылардан біреу болса да айырмам белгісі болуы шарт. Қазақ тіліндегі дауыстылар:

- 1) [жуан] [а, о, ұ, ы] – жінішке [ә], [е], [ө], [ү], [і];
- 2) езулік [а, ә, ы, і] – еріндік [о, ө, ү, ұ];
- 3) ашық [а], [ә], [о], [ө] – қысан [е] – тым қысан [ы], [і], [ү], [ұ] түрінде оппозициялық үш топқа белгінеді.

Көрсетіліп өткен арақатынас жүйесін оқушы жастар дұрыс менгеру үшін әртүрлі жаттығуларды да ұйымдастыруға болады. Мысалы, *тыс, тіс; бас, тас* сөздерінің дыбыс құрамын анықтап, сөз мағынасын айыруға қызмет етіп тұрған фонемаларды жаздырып, оларға талдау жасауды үйрету шарт. Мысалы, *тас – бас* сөздеріндегі <т> және <б> фонемасы мағына айырып тұр. Бұл фонемалардың ортақ және айырмам белгілері бар. Соңдықтан олар жеке-жеке фонема болып та-былады. Ортақ белгісі екеуі де – дауыссыз (естілімі), жасалым тәсілі жағынан – тоғысынқы болса, айырмам белгісі: т – катан, б – ұян; жасалым орны жағынан б – фонемасы – еріндік, т – фонемасы тіл ұшы болып табылады. Сонымен бірге мына-дай жаттығу-тапсырма түрін ұсынуға болады: Дауысты дыбыстарға олардың айырмам белгілеріне қарастауда жасасу.

Уләй. Айырмам белгісі бойынша: 1) жасалымы (артикуляциясы) 2) айтылымы (акустикасы), 3) естілімі (перцепциясы)

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Кокирегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым уләй жастарға бермек үшін.

Абай

Сонымен оқушы жастарға белгілі бір мәтінді беріп, одан орфоэпиялық нормада

ерін үндестігімен келетін сөздерді жаздырып, кейін сол сөздердің орфографиялық нормасын белгілеуді сұрау керек, сондай-ақ белгілі бір сөздерді орфоэпиялық норма бойынша таңбалған түрін ұсынып, окушыдан сол сөздердің орфографиялық норма бойынша таңбалануын талап етуге болады (мысалы, *бүгін* – *бұгын*, *қақпап* *құру* – *қақпап* *ғұруды* *бұдьыр* – *бұдұр*, *құбылыс* – *құбұлұс*, *бұйығысу* – *бұйығұсу* т.б.).

Окушы жастардың фонологиялық ойлау жүйесін дамытуға арналғатын жаттығу түрі – фонемалардың айырым белгілерін айқындау және фонемалардың дыбыстық парадигмасын құрайтын бірліктердің инвариант, варианты, вариация деңгейін менгеру болып табылады.

Белгілі бір тілдің дыбыстық корын айқындау үшін ең алдымен сол тілдің фонологиялық жүйесіндегі фонемалардың инвентарін, яғни тірек базасын айқындау негізгі шарттың бірі екені белгілі. Қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз тірек инвентар база бар. Бұл теориялық тұжырым А.Байтұрсынұлы зерттеулерінен басталып, қазіргі кезде Э.Жұнісбек, Н.Ұәлиұлы, З.Базарбаева тәрізді ғалымдардың енбектерінде де дөлелденіп отыр. Аталған 9 дауысты және 19 дауыссыз тірек база бір-бірімен артикуляция-акустикалық жағынан сәйкес келе бермейді. Сонымен ка-тар окушы жастарға фонема тілдік ұжымның санасында қалыптасқан дыбыстың образ екенін түсіндіре отырып, фонема дыбыс арқылы өмір сүретінін, ал дыбыс белгілі бір фонемалардың заттың манифестациясы болатынның айқын түсіндірілуі тиіс.

Орфографияның, орфоэпиялық нормалардың тілдік базасы мен теориялық базасы болады. Тілдік базасы – сөздің халық тіліндегі дыбысталу жүйесі: *бас*, *аяқ*, *қол*, *гатам*, *әлем*, *окиға*, *ұстазда* т.б. Орфоэпиялық норма тілдің конвенционалды сипатына тәуелді: тілдік ұжым *[bas]*, *[tay]*, *[bara]* деп дыбыстайды, бұларды басқаша дыбыстау мүмкін емес.

Әдетте парадигмадағы дыбыстық бірліктер (тілдік санауда вертикаль қатардағы виртуалды бірліктер) *a*, *ə*, *o*, *ø*, *ы*, *i*, *ұ*, *y*, *e* және *b*, *n*, *t*, *d*, *қ*, *қ*, *ɛ*, *ɔ*, *c*, *и*, *з*, *ж*; *й*, *r*, *л*, *m*, *ң*, *ұ* синтагмалық қатынасқа түскенде парадигмадағымен сәйкессе, кей тұста парадигмадағымен сәйкеспей, түрленіп кететін жағдайлары болады. Парадигмадағы дыбыстың санынан сингагмалық тізбекке түскендегі дыбыстың саны әлдекайда көп болады. Фонема теориясы бойынша әр фонема-инварианттың дыбыс шоғыры болады. Ол шоғыр инварианттың сингагмалық қатынасқа түскендей әртүрлі дыбыстық қоршауына (позицияға) байланысты түзіледі. Мысалы, *<a>* фонема-инварианттың әлсіз позицияда [ж], [ш:], [c] түріндегі вариантыры бар [2]. Осы теориялық негізгі байланысты окушы жастарға мынадай жаттығу түрлерін ұсынуға болады:

1. Дауыстыларға байланысты:

1) *<a>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

2) *<ə>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

3) *<o>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

4) *<ø>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

5) *<e>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

6) *<ы>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

7) *<i>* фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсе-

тініз, мысал келтірініз.

8) <ұ> фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

9) <ұ> фонемасының инвариант (өздік ренқін) және вариантын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

Дауыссыздарға байланысты:

а) қатан фонемалардың дыбыстық парадигмасы бойынша:

1) <t>, <ш>, <п>, <c>, <k> фонемаларының инвариант (өздік ренқін), вариант және варианциясын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

ә) ұян фонемалардың дыбыстық парадигмасы бойынша:

<б>, <г>, <ғ>, <д>, <ж>, <з> фонемаларының инвариант (өздік ренқін), вариант және варианциясын (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

б) үнді фонемалардың дыбыстық парадигмасы бойынша:

<й>, <л>, <m>, <n> фонемаларының инвариант (өздік ренқін), вариант түрленімін (бөгде ренқін) көрсетініз, мысал келтірініз.

Сонымен қатар әлді және әлсіз позициядағы төрт әуезді түрленім жүйесі бойынша мынадай жаттығу жұмысын да беруге болады: Сөздердің құрамындағы үнді фонемалардың дыбысы қорындағы әлді және әлсіз шеп түрленімін төрт әуезді ренқін көрсетініз:

Үлгі:

[м] – [мақсат]

[м'] – [мі'н'd'ет']

[м°] – [мо°лаш°ұл°]

[м°'] – [мұл°'үк°']

Қақтаған ақ құмістей кең маңдаілы,

Аласы аз қара көзі нұр жастайтады.

Жіңішке қара қасы сыйыт қойған,

Бір жаңа үқсатамын тұган айды.

Маңдаідан тұра түскен қырлы мұрын,

Ақша жуз, ал-қызыл бет тіл байлапайды.

Аузын айса, көрінер кірсіз тісі,

Сықылды қолмен тізген, іш қайнатады.

Абай

Корыта келе, оқушы жастардың тілдің жазу танбасына ие болған мағыналық элементтерді сарапай отырып, дыбыс тізбегінің фонемаға айналып, әріпке кодталу жүйесіне назар аудару арқылы қазақ тілінің айтылым және жазылым жүйесінің өзіндік «жүйе» екенін түсіну және оны іске асыра білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Базарбаева З. Қазақтілі: интонаология, фонология. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2008. –326 б.

[2] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры дисс: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.